

**Көктөбе ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 5 ақпандағы № 1 "Көктөбе ауылдық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктөбе ауылдық округінің әкімінің 2017 жылғы 22 мамырдағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 маусымда № 5519 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Көктөбе ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көктөбе ауылдық округі әкімінің қазақ тіліндегі 2009 жылғы 5 ақпандағы № 1 "Көктөбе ауылдық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-12-82 тіркелген, 2009 жылғы 12 ақпандағы аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қазақ тіліндегі кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына, сондай-ақ, Көктөбе ауылдық округіне қарайтын елді-мекен тұрғындарының 2009 жылғы 05 ақпандағы конференциясының хаттамасына сәйкес, Көктөбе ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көктөбе ауылдық округінің әкімі*

*Б. Сатмухамбетов*